

"Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығын және "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 192 қаулысын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 109 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 11 мамырда N 1583 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығын және "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 192 қаулысын орындау үшін, оралмандар отбасыларын ұйымдастыра қабылдау мен жайластыру мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оралмандардың 2005-2007 жылдарға көшіп келуінің жалпы саны 2875 отбасына белгіленген квотасы мына 1,2,3 қосымшаларға сәйкес Петропавл қаласы мен облыс аудандары бойынша бөлінсін.

2. Оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі облыстық штабының құрамы 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасына (келісім бойынша) мыналарды қамтамасыз ету:

көшіп келген оралмандарды қоныстату, қабылдау мен жайластыру, тіркеу және есепке алу ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінде белгілеген тәртіппен жеңілдіктер мен жәрдемақылар төлеу ;

Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және

әлеуметтік бағдарламалар департаментімен, Солтүстік Қазақстан ішкі істер басқармасының көші-қон полициясы басқармасымен, Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен (келісім бойынша) бірлесе отырып, оралмандар құжаттарын "бір көзден" принципі бойынша қабылдау, тіркеу және есепке алу ұсынылсын.

4. Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті мыналарды:

жергілікті атқарушы органдарымен оралмандардың әлеуметтік мәселелерін шешу және жұмысқа орналастыру жөнінде өзара іс-әрекет етуді;

оралмандарды жаңа кәсіптерге кәсіби даярлауды және оқытуды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

5. Облыстық денсаулық сақтау департаменті:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көшіп келген оралмандардың медициналық көмектің кепілденген тегін көлемін алуын қамтамасыз етсін.

6. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдері:

оралмандарды қабылдауды, жайластыруды қамтамасыз етсін, орналасқан жерлеріне олардың бейімделуі үшін жағдай жасасын;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасу, біліктілігін арттыру және жаңа кәсіпті игеру, жер учаскелерін беру мәселелерін қатаң бақылауға алсын;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетсін;

мұқтаждарға мектептерде, мектепке дейінгі ұйымдарда және әлеуметтік қорғау мекемелерінде орын беру жөнінде шаралар қабылдасын;

оралмандар балалары үшін мемлекеттік және орыс тілдерін үйренуге қажетті жағдайлар жасасын, оқулықтармен және басқа да көрнекті құралдармен, материалдармен және жабдықтармен толық көлемде қамтамасыз етсін;

оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі облыстық штабты жыл сайын 15 қаңтарға осы қаулының орындалуы туралы хабардар етсін.

7. Оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі облыстық штаб аудандар мен Петропавл қаласы әкімдерінің, оралмандарды қабылдау және жайластыру мәселелері жөніндегі облыстық ұйымдар басшыларының ақпараттарын кезеңді түрде тыңдасын.

8. "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының "Солтүстік Қазақстан" Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің редакциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, "Северный Казахстан" баспасөзі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Қазақстан Петропавл" телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамының Солтүстік

Қазақстан облыстық филиалы, "Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат департаменті жанындағы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің муниципалдық телерадиоарнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшыларына облыс қоғамдығын оралмандарды қабылдау және жайластыру жөнінде жүргізілген жұмыс туралы хабардар ету, тақырыптық кездесулер мен хабарлар жүргізу ұсынылсын.

9. Көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасына (келісім бойынша) жыл сайын 20 қаңтарға облыс әкімі аппаратына осы қаулының орындалуы туралы ақпарат беру ұсынылсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрақиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 21 сәуірдегі
N 109 қаулысына 1 қосымша

**Петропавл қаласы мен облыс аудандары бойынша
оралмандар отбасыларын 2005 жылы бөлу**

р/с N	Аудандар	Р е с е й Федерациясы	Өзбекстан	Монғол	Барлығы
1	Петропавл	30	43	2	75
2	Айыртау	30	35	15	80
3	Акжар	20	25	15	60
4	Акқайың	25	35	5	65
5	Жамбыл	30	30	5	65
6	Мағжан Жұмабаев	30	50	0	80
7	Есіл	20	40	5	65
8	Қызылжар	30	45	5	80
9	Мамлют	20	40	5	65
10	Ғабит Мүсірепов	25	45	10	80
11	Тайынша	25	40	15	80
12	Тимирязев	25	30	5	60
13	Уәлиханов	20	30	10	60
14	Шал ақын	20	37	3	60
	Барлығы	350	525	100	975

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң
 2005 ж ыл ғы 21 с ә у і р де гі

N 109 қаулысына 2 қосымша

**2006 жылға арналған оралмандар отбасыларын
Петропавл қаласы мен облыс аудандарына орналастыру**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - СҚО әкімдігінің 2006.11.17 N 274
Қаулысымен**

№ р/р	Аудандардың атауы	Р е с е й Федерациясы	Өзбекстан	Моңғолия	Барлығы
1	Петропавл қ.	44	20	2	66
2	Айыртау		25	23	48
3	Ақжар	5		40	45
4	Аққайың		30		30
5	Жамбыл	1	14		15
6	М.Жұмабаев	8	48		56
7	Есіл	1	36	2	39
8	Қызылжар	9	55	6	70
9	Мамлют	4	59		63
10	Ғ.Мүсірепов	1	15	1	17
11	Тайынша	4	29	41	74
12	Тимирязев	1	14	5	20
13	Уәлиханов	2	3	10	15
14	Шал ақын		12		12
	Барлығы	80	360	130	570

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 с ә у і р д е г і
N 109 қаулысына 3 қосымша

**Петропавл қаласы мен облыс аудандары бойынша
оралмандар отбасыларын 2005 жылы бөлу**

р/б	Аудандар	Р е с е й Федерациясы	Өзбекстан	Монғол	Барлығы
1	Петропавл	45	20	5	70
2	Айыртау	20	40	10	70
3	Ақжар	25	15	15	55
4	Аққайың	25	30	5	60
5	Жамбыл	25	25	5	55
6	Мағжан Жұмабаев	35	30	5	70
7	Есіл	20	35	5	60
8	Қызылжар	45	20	5	70
9	Мамлют	30	30		60
10	Ғабит Мүсірепов	25	40	5	70
11	Тайынша	15	40	15	70

12	Тимирязев	15	30	10	55
13	Уәлиханов	10	35	10	55
14	Шал ақын	15	35	5	55
	Барлығы	350	425	100	875

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 21 сәуірдегі
№ 109 қаулысына 4 қосымша

Оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі облыстық штаб құрамы

Нұрақиев Ерік Есімұлы	облыс әкімінің орынбасары-штаб төрағасы
Әлиев Шияп Шарапұлы	Көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Қалиев Базарбек Қабдөшұлы	Көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы бөлімінің бастығы, хатшы
	Штаб мүшелері:
Бегалин Сағындық Қазықанұлы	Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер басқармасының Көші-қон полициясы басқармасының бастығы
Воронцова Наталья Геннадьевна	облыстық денсаулық сақтау департаментінің бастығы
Денкенова Сайран Әбілқайырқызы	облыстық білім департаментінің бастығы
Қасымов Сәрсенбай Орынбайұлы	Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Моор Иван Иванович	"Северный Казахстан" баспасөзі" ЖШС бас редакторы
Мұсырман Кәрібай Иманжанұлы	"Қазақстан Петропавл" телерадиокорпорациясы" АҚ СҚО филиалының директоры
Сақыпкереев Асқар Жоламанұлы	Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің бастығы
Сүлейменов Жарасбай Қабдоллаұлы	"Солтүстік Қазақстан" Солтүстік Қазақстан облыстық газеті редакциясы" МҚК директоры